

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ДИНАМИКАСЫ

¹Ж. Әбікенов, ¹М.Сыздықова, ²Ж. Базарбай

АНДАТПА

Зерттеуде Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының дәстүрлі құндылықтарды бағалауы, дәстүрлі құндылықтар өзгерістерін зерттеу, мәдени құндылықтарға қатысты туындайтын қоғамдық өмір мәселелері мен әлеуметтік шиеленісу факторлары, мәдени құндылықтарға деген тұрақты түсініктері анықталады.

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі дәстүрлі және инновациялық құндылықтық үдерістерінің өзара әрекеттесуі аксиологиялық тұрғыдан талданып, жаһандану мен технологиялық даму жағдайында қоғамдағы мәдени трансформациялар мәдениеттің жойылуы ретінде емес, құндылықтар жүйесінің жаңа заман талабына бейімделуі ретінде қарастырылады.

Зерттеуде пәнаралық зерттеу әдістері пайдаланылды. Теориялық талдаумен қатар, эмпирикалық деректер ауқымды онлайн-сауалнама және сапалық фокус-топтық сұхбаттар арқылы жинақталды. Бұл тәсіл қоғамның дәстүрлі құндылықтарға деген тұрақты түсініктерін объективті бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде дәстүрлі құндылықтар айтарлықтай трансформацияға ұшырағанымен, олар әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуші негізгі институттардың бірі болып қала береді. Қоғам тарапынан кейбір жасанды немесе жаңадан пайда болған дәстүрлер қажетсіз деп танылғанымен, іргелі дәстүрлі құндылықтар ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты тірегі ретінде жоғары бағаланады.

Қазіргі қазақстандық қоғамның үйлесімді дамуы заманауи инновацияларды қабылдай отырып, ұлттық мәдени мұраны сақтаудың теңдестірілген моделін қажет етеді. Бұл зерттеу дәстүрлі құндылықтардың қоғамдағы бейімделу әлеуетін және әлеуметтік институттарды қалыптастырудағы рөлін тереңірек түсінуге үлес қосады.

Түйін сөздер: мәдениет, құндылық, инновация, фактор, мәдени зерттеу.

¹ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

² Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Корреспондент автор:
Базарбай Ж.,
jbazarbay@gmail.com

Сілтеме: Әбікенов Ж., Сыздықова М., Базарбай Ж. Қазіргі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың әлеуметтік динамикасы // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 13-28.

Social Dynamics in Traditional Values in Modern Society

Abstract. The study examines the assessment of traditional values by residents of the southern regions of Kazakhstan, as well as the study of changes in these values, the problems of public life and social tensions related to cultural values, and the identification of stable understandings of these values.

The interaction between traditional and innovative value systems in the southern regions of Kazakhstan is analyzed through an axiological lens, and cultural changes in society in the context of globalization and technological advancement are seen not as a destruction of culture, but rather as an adaptation of the value system to meet the demands of the modern era.

Interdisciplinary research methods were used in this study. In addition to theoretical analysis, empirical data was collected through a large-scale online survey and qualitative focus group interviews, which allowed for an objective assessment of society's stable understandings of traditional values.

The results of the study indicate that, although traditional values have undergone significant changes in the southern regions of Kazakhstan, they continue to be one of the main pillars of social stability. While some artificial or emerging traditions may be recognized as unnecessary by society, fundamental traditional values are highly valued as a key component in preserving national identity.

A balanced approach to the development of modern Kazakhstan requires a model that preserves the country's cultural heritage while incorporating modern innovations. This research contributes to a better understanding of how traditional values adapt to society and shape social institutions.

Key words: Culture, Values, Innovation, Factors, Cultural Research.

Социальная динамика в традиционных ценности в современном обществе

Аннотация. В исследовании рассматривается оценка традиционных ценностей жителями южных регионов Казахстана, изучаются изменения традиционных ценностей, проблемы общественной жизни и социальные противоречия, возникающие в связи с культурными ценностями, а также выявляются устойчивые представления о культурных ценностях.

Взаимодействие традиционных и инновационных ценностных процессов в южных регионах Казахстана анализируется с аксиологической точки зрения, а культурные трансформации в обществе в контексте глобализации и технологического развития рассматриваются не как разрушение культуры, а как адаптация системы ценностей к требованиям новой эпохи.

В исследовании использованы междисциплинарные методы. Помимо теоретического анализа, эмпирические данные были собраны посредством масштабного онлайн-опроса и качественных фокус-групповых интервью. Такой подход позволил объективно оценить устойчивые представления общества о традиционных ценностях.

Результаты исследования показывают, что, несмотря на значительные трансформации традиционных ценностей в южных регионах Казахстана, они остаются одним из главных институтов, обеспечивающих социальную стабильность. Хотя некоторые искусственные или вновь возникающие традиции признаются обществом как ненужные, фундаментальные традиционные ценности высоко ценятся как главная опора сохранения национальной идентичности.

Гармоничное развитие современного казахстанского общества требует сбалансированной модели сохранения национального культурного наследия при одновременном внедрении современных инноваций. Данное исследование способствует более глубокому пониманию адаптивного потенциала традиционных ценностей в обществе и их роли в формировании социальных институтов.

Ключевые слова: культура, ценность, инновация, фактор, культурология.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлер мен дәстүрлі құндылықтардың трансформациясы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, жаһандық мәдениеттердің ықпалының күшеюі ұлттық мәдениеттер мен дәстүрлерге әсер етеді. Бұл жағдайда қоғамның дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарасын, ондағы өзгерістерді зерттеуді талап етеді.

Зерттеудің негізгі мақсаты қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды зерттеу, рухани қатынастар мен әлеуметтік динамика арасындағы күрделі қарым-қатынасты түсіну.

Зерттеу объектісі: Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлері тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық және аумақтық сипаттамаларын білдіретін параметрлер бойынша таңдалды. Зерттеу объектісі ретінде Қазақстанның оңтүстік өңірлерін таңдалу себебі, бұл аймақ дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылығымен ерекшеленеді.

Зерттеуде пайдаланылатын әдістер дәстүрлердің өзгеруін және жаңа мәдени құндылықтардың қалыптасуындағы факторларды түсінуге мүмкіндік береді, мәдениеттер арасындағы өзара ықпалдастықтың жаңа қырларын ашуға бағыттайды.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін мәдениеттану, әлеуметтік философия және құндылықтар социологиясы аясындағы ғылыми еңбектер құрайды. Теориялық талдау барысында қоғамдық сана типтері, мәдени үлгілер және құндылықтар трансформациясы мәселелеріне арналған ғылыми тұжырымдамалар қарастырылды. Зерттеудің концептуалдық құрылымын қалыптастыруда жүйелілік және ғылыми тұтастық принциптері басшылыққа алынды. Сонымен қатар формальды-логикалық талдау, мәдени-әлеуметтанулық интерпретация және жүйелеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне аксиологиялық талдау енгізілді. Аксиологиялық тәсіл арқылы қоғамдағы дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың өзара қатынасы, олардың әлеуметтік мінез-құлық пен мәдени бағдарларға ықпалы, әсері талданды.

Зерттеудің эмпирикалық базасы сандық және сапалық әдістердің үйлесіміне негізделді. Сандық деректер онлайн-сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама Қазақстанның оңтүстік өңірлерін қамтыды: Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстары, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалалары. Деректер Google Forms платформасында (N=597) жиналды. Сауалнама қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді.

Респонденттерді тарту үшін әлеуметтік желілерде нысаналы жарнама орналастырылып, онлайн қауымдастықтарда сауалнама сілтемелері жарияланды. Іріктеу ауыл және қала тұрғындарын қамтитын ересек тұрғындар арасында (жынысы, жасы, этникалық құрамы және әлеуметтік мәртебесі бойынша) жүргізілді.

Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары онлайн, телефон арқылы және тікелей байланыс тәсілдері арқылы алынды. Респонденттердің 68%-ы ер адамдар, 32%-ы әйел адамдар болды. Жас құрылымы бойынша: 18–28 жас аралығы – 39%, 29–45 жас – 41%, 46–60 жас – 17%, 61 жастан жоғары – 3%. Тұрғылықты жеріне байланысты 58%-ы қала тұрғындары, 42%-ы ауыл тұрғындары. Отбасылық жағдайы бойынша 52%-ы отбасылы, 41%-ы бойдақ, 7%-ы жауап беруден бас тартты. Білім деңгейі бойынша респонденттердің 84%-ы жоғары білімді, 9%-ы кәсіби-техникалық білімді, 7%-ы орта білімді. Әлеуметтік-кәсіби мәртебесі бойынша 29%-ы бюджеттік ұйымдарда, 27%-ы мемлекеттік қызметте жұмыс істейді, 14%-ы жұмыссыз. Деректер 2025 жылғы 17 ақпан мен 9 сәуір аралығында жиналды.

Сандық деректер сапалық зерттеу әдісімен толықтырылды. Атап айтқанда, оңтүстік өңірлер тұрғындарының құндылықтық бағдарларын тереңірек түсіну үшін фокус-топтық интервьюлер ұйымдастырылды. Фокус-топтарға әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдері қатысты. Интервью барысында дәстүрлі және инновациялық құндылықтардың күнделікті өмірдегі көріністері, мәдени өзгерістерге қатысты пікірлер талданды. Сапалық деректерді интерпретациялау барысында мазмұндық талдау және тақырыптық кодтау әдістері пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Дәстүр теориясы қоғамның мәдени құрылымындағы тұрақтылық пен өзгеріс арасындағы байланысты түсіндіреді. Себебі, дәстүр құндылықтар жүйесін, әлеуметтік нормаларды және ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз ететін негізгі механизм [1]. Дегенмен, уақыт өте келе олар жаңа жағдайларға бейімделіп, трансформацияға ұшырайды. Мұндай көзқарас дәстүрді статикалық

құбылыс емес, әлеуметтік өзгерістер жүзеге асатын динамикалық мәдени ресурс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Дәстүр теориясының классикалық негіздерінде Э. Шилз [2] қоғамның өзегі ретінде қарастырып, мәдениетті құрылымдық тұрғыдан «орталық» және «өзгермелі тәжірибелер» деп бөледі. Мәдени орталықтың тұрақтылығын сақтай отырып, перифериялық элементтердің трансформациялануын түсіндіреді.

Алғалым Ш. Эйзенштадт [3] дәстүрді кез келген әлеуметтік-мәдени жүйенің бөлінбес бөлігі ретінде қарастырып, «дәстүр-модернизация» дихотомиясының шектеулі екенін ашып көрсетеді. Оның тұжырымынша, модернизация үдерісі белгілі бір дәстүрлі негіздерге сүйенеді, ал қазіргі заманның өзін дәстүрдің ерекше тарихи формасы деп тануға болады. Ғалым әлеуметтік өзгеріс көзі дәстүрдің өз табиғатында жатқанын дәлелдейді.

Э. Маркарян [4] дәстүрді қоғамдық өмірді реттеуші жүйелі механизм ретінде қарастыра отырып, «новация» пен «инновация» ұғымдарын бөліп қарастырады. Оның пайымдауынша, кез келген өзгеріс жаңалық бола алады, алайда ол қоғам тарапынан мойындалып, тұрақты стереотипке айналғанда ғана инновацияға ұласып, жаңа дәстүрді қалыптастырады.

Аталмыш классикалық тұжырымдар функционалистік тәсілмен үндеседі: мәдениет қоғамдық қажеттіліктерді өтеп, әлеуметтік тәртіпті сақтайтын құрал болғандықтан, дәстүр тұрақтылық тетігі қызметін атқарады [5]. Дегенмен, экономикалық-технологиялық өзгерістер құндылықтар трансформациясын тездетеді. Осы орайда мәдени интеграцияның немесе дифференциацияның түрлі траекториялары көрініс табады [6].

Құндылықтар трансформациясы мәселесінде Р. Инглхарт пен У. Бейкер [7] дәстүрлі құндылықтардың мүлдем жойылмайтынын, керісінше, жаңа әлеуметтік жағдайларда қайта орнығатынын дәлелдейді. Жаһандану үдерісінде бұл құбылыс біртекті мәдени кеңістік қалыптастырудан гөрі, әралуан ықпалдасу мен локалды реакциялар арқылы көрініс табады. Демек, мәдени жаһандану әр аймақта дәстүрді қорғау және қайта айқындау стратегияларын күшейте түседі [8], [9], [10].

Кросс-мәдени талдауда Г. Хофстеде [11] ұлттық мәдениеттердің тұрақтылығына назар аударып, «индивидуализм-коллективизм» өлшемі арқылы «тұлға-қоғам» қатынастарын жүйелейді. Ал кейінгі зерттеулер құндылықтарға ұлттық факторлармен қатар діни дәстүрлердің де ықпалын дәлелдеп, мәдени айырмашылықтардың көпөлшемді табиғатын бекітеді [12], [13], [14].

Жалпы Шилз, Эйзенштадт, Маркарян [2], [3], [4] тұжырымдамалары дәстүрді әрі тұрақтандырушы институт, әрі бейімделгіш мәдени механизм ретінде қарастырады. Бұл тәсіл жаһандану мен модернизация жағдайындағы құндылықтар трансформациясын зерттеуге кешенді теориялық негіз қалайды.

Ал ішкі құндылық ұғымы құндылық теориясының негізгі категорияларының бірі болып саналады. Зерттеуші Zimmerman [15] белгілі бір құбылыстың немесе әрекеттің құндылығы оның сыртқы нәтижесіне емес, өз табиғатына байланысты анықталатынын көрсетеді. Ғалым Lemos [16] бұл идеяны дамыта отырып, ішкі құндылықтарды моральдық бағалаудың іргелі негізі ретінде түсіндіреді. Мұндай тәсіл құндылықтарды тек субъективті бағалау ретінде емес, белгілі бір нормативтік және рационалдық құрылыммен байланысты құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Осыған ұқсас тұрғыда Anderson [1] құндылықтардың моральдық, экономикалық және әлеуметтік тәжірибелермен тығыз байланыста қалыптасатынын көрсетіп, оларды қоғамдағы институционалдық қатынастар жүйесінің маңызды элементі ретінде қарастырады. Parfit [17] моральдық себептер мен тұлғалық сәйкестік мәселесін талдай отырып, құндылықтардың рационалдық негіздерін айқындайды, ал Kraut [18] игілік

ұғымын адамның әл-ауқаты мен өмір сапасымен байланыстырып, құндылықтардың әлеуметтік өмірдегі маңызын көрсетеді.

Жалпы, қарастырылған теориялық пайымдаулар дәстүрді статикалық қалып емес, модернизация мен жаһандану үдерістеріне икемді, құндылықтар трансформациясын реттейтін динамикалық механизм ретінде анықтайды. Осы себепті, ішкі құндылықтардың рационалдық және моральдық негіздерін жүйелеу қоғамның институционалдық тұрақтылығы мен тұлғалық сәйкестігін сақтаудың іргелі шарты болып табылады.

Нәтижелер

Зерттеудің эмпирикалық негізін сандық зерттеу әдісі онлайн-сауалнама нәтижелері құрайды. Бастапқы деректерді жинау Google Forms платформасы арқылы жүзеге асырылды және зерттеудің іріктеу жиынтығын 597 респондент (N=597) құрады. Зерттеу аймағы Қазақстанның оңтүстік өңірлерін, атап айтқанда: Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстарын, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларын қамтиды.

Сауалнаманың негізгі мақсаты аталған өңір тұрғындарының дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарасы мен ұстанымдарын эмпирикалық тұрғыда зерделеу. Алынған нәтижелер қазіргі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтар жүйесінің трансформациялану динамикасын бағалауға және өзекті әлеуметтік мәселелерді идентификациялауға мүмкіндік беретін маңызды статистикалық мәліметтер ұсынады. Бұл эмпирикалық деректер оңтүстік өңірлердегі мәдени өзгерістер мен құндылықтар парадигмасының ауысуын кешенді академиялық талдауға берік негіз қалайды.

1-кесте. Дәстүрлі құндылықтар дегеніміз не?

		Алматы қаласы	Алматы облысы	Жетісу облысы	Жамбыл	Шымкент	Түркістан	Қызылорда	Барлығы
1	Үлкенді сыйлау, құрметтеу	11%	14%	23%	16%	13%	16%	18%	16%
2	Отбасылық ұстаным	12%	11%	15%	14%	13%	15%	17%	14%
3	Салт-дәстүр	21%	20%	25%	17%	21%	20%	25%	21%

4	Нанымдар мен әдет-ғұрыптар	11%	10%	7%	9%	10%	10%	10%	10%
5	Қоғамдық нормаларға сәйкестік	4%	4%	2%	4%	4%	3%	7%	4%
6	Ұлттық киім	5%	6%	6%	6%	6%	3%	7%	5%
7	Ана тілінде сөйлеу	16%	15%	11%	15%	16%	15%	1%	13%
8	Ұлттық тәрбие	19%	19%	11%	18%	16%	17%	14%	16%
9	Басқа	1%	1%	0%	1%	1%	1%	1%	1%
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

1-кестеде көрсетілгендей, дәстүрлі құндылық деген ұғымды оңтүстік өңірлердің басым бөлігі, яғни сұралған респонденттердің 21%-ы «Салт-дәстүр», 16%-ы «Үлкенді сыйлау, құрметтеу», «Ұлттық тәрбие» және 14%-ы «Отбасылық ұстаным» деп жауап берген. Сәйкесінше, бұл оңтүстік өңірлерде әлі де болса қазақы болмыстың сақталғандығын растай алады және дәстүрлі құндылықтың адам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. «Ана тілінде сөйлеу» сияқты факторларды респонденттердің 13%-ы ғана атап өткен. Міне, осы жауаптардан еліміз тұрғындарының

жалпы қоғамдық пікірі жаңа технология мен қазіргі өркениетті қоғамдағы либералды құндылықтардан гөрі «өмірдің дәстүрлі қисынына» көбірек мән беретіні байқалды.

Дәстүрлі құндылық деп респонденттердің 10%-ы «Нанымдар мен әдет-ғұрыптар», 5%-ы «Ұлттық киім», 4%-ы «Қоғамдық нормаларға сәйкестік» деп қарайтыны анықталды. Респонденттердің 1%-ы дәстүрлі құндылық дегенді «Ұлттық идеяның жоқтығы», «Ұлттық дәстүрге тән қағидаттарды заман талабына икемдеу» сынды анықтамалармен түсіндіруге тырысқан.

2-кесте. Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторлар?

		Алматы қаласы	Алматы облысы	Жетісу облысы	Жамбыл	Шымкент	Түркістан	Қызылорда	Барлығы
1	Жаһандану	27%	22%	26%	22%	25%	24%	23%	24%
2	Технологиялар және БАҚ	24%	27%	25%	22%	23%	23%	27%	24%
3	Білім және зияткерлік дискурс	19%	16%	22%	24%	21%	19%	19%	20%
4	Демографиялық өзгерістер	10%	13%	7%	9%	11%	11%	11%	10%
5	Әлеуметтік қозғалыстар және белсенділік	12%	13%	12%	13%	10%	13%	10%	12%
6	Тарихи және саяси контекст	8%	9%	8%	9%	9%	10%	9%	9%
7	Басқа	0%	0%	0%	1%	1%	0%	1%	1%
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторларға респонденттердің 24%-ы «Жаһандану» деп санайды. Респонденттердің 24%-ы қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардағы өзгерістерге әсер ететін нақты факторларға «Технологиялар мен БАҚ-ты» жатқызады. Респонденттердің 20%-ы «Білім және зияткерлік дискурс» дәстүрлі құндылықтарды өзгертеді деп са-

найды. Қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне әсер ететін нақты факторға респонденттердің 10%-ы «Демографиялық өзгерістерді» жатқызады.

Әрине, әлеуметтік қозғалыстар мен белсенділік қоғамдағы дәстүрлі құндылықтарды өзгертуде шешуші рөл атқарады. Міне, осы пікірлерді ұстанған азаматтардың пікірі 12%-ды құрайды. Әрине,

тарихи және саяси контекст қоғамдағы дәстүрлі етеді. Респонденттердің 9%-ы осы пікірге құндылықтардың өзгеруіне айтарлықтай әсер келіседі.

3-кесте. Қандай дәстүр және үрдістерді алып тастаған дұрыс деп ойлайсыз? Әр баған бойынша белгілеп шығыңыз?

	Қала берсін	Алып тастау керек	Жауап беруге киналамын	
Тойдағы ішімдік	12%	79%	9%	100%
Қалың мал	62%	30%	8%	100%
Қыздың жасауы	26%	67%	7%	100%
Киіт беру	39%	52%	9%	100%
Барлығы	44%	48%	8%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

Қандай да бір дәстүрлерден бас тарту қажеттілігін анықтау күрделі мәдени, әлеуметтік және этикалық факторларға негізделген күрделі әрі көпөлшемді мәселе. Соған қарамастан, уақыт өте келе кейбір дәстүрлердің қоғамдағы өзектілігі мен функционалдық маңызы төмендейді. Бұл, өз кезегінде, аталған дәстүрлерді сыни тұрғыдан қайта бағалауды немесе қоғамдық тәжірибеден толықтай шығаруды қажет етеді.

Қазақстанда тойларда алкогольді іштуралы шешім қабылдау әртүрлі факторларға, соның ішінде мәдени нормаларға, діни сенімдерге және жеке қалауларға байланысты жеке таңдау болып табылады. Респонденттердің 79%-ы бұл алкогольді ішімдіктерді алып тастау қажет десе, 12%-ы қала беруіне қарсы емес, 9%-ы жауап беруге киналады екен.

4-кесте. Мынадай дәстүрге енген жаңашылдықтың қайсысы қажет деп ойлайсыз? Әр баған бойынша белгілеп шығыңыз

	Қажет	Қажет емес	Жауап беруге киналамын	
Гендер пати	20%	69%	11%	100%
Түрлі түсті кеш	26%	65%	9%	100%
Хеллоуин	21%	73%	6%	100%
Бал айы	55%	35%	10%	100%
Қыздың қолын сұрау – (Тізерлеп сөз салу)	27%	64%	9%	100%
Hens party (девичник)	31%	57%	12%	100%
Торт үрлеу	34%	56%	10%	100%
Әйелдің босануына күйеуінің серіктес болып қатысуы	28%	61%	11%	100%
Хиджаб киімі	27%	55%	18%	100%
Барлығы	30%	59%	11%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

4-кестеде көрсетілген зерттеу барысында респонденттердің қазіргі таңда қолданыстағы дәстүрлерге енген жаңашылдықтардың қажет не қажет еместігі туралы пікірін анықтауға тырыстық. Нәтижесінде, респонденттердің 69%-ы «Гендер пати» қажет емес деп көрсетсе, 20%-ы бұл жаңашылдықты қажет десе, 11%-ы жауап беруге қиналатынын білдірген.

Қазіргі таңда трендке айналған жаңашылдықтың бірі «Түрлі түсті кеш» (Цветная вечеринка). Сұралғандардың 26%-ы қажет деп тапса, 65%-ы қажет емес деп есептейді. Тек, 9% респондент жауап беруге қиналған.

Жаңашылдықтың бірі «Хеллоунді» 21% респондент қолдаса, 73% респондент қажет емес деп тапқан. Респонденттердің 6%-ы жауап беруге қиналған.

«Балайын» 55% респондент қажет десе, 35%-ы қажет емес деп есептейді. Респонденттердің

5-кесте. Сіздің ойыңызша, жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан не күтесіз?

10%-ы жауап беруге қиналған.

«Қыздың қолын сұрау» тізерлеп сөз салуды сұралғандардың 27%-ы керек емес десе, басым бөлігі, яғни, 64%-ы қажет деп көрсеткен. Респонденттердің 9%-ы жауап беруге қиналған.

Hens party-ді (девичник) 31% респондент қолдаса, 57%-ы біздің дәстүрімізге жат екендігін көрсетіп отыр. Ал, 12%-ы жауап беруге қиналатынын білдірген.

Торт үрлеуді респонденттердің басым бөлігі 56% қолдамайтынын білдірген. Әйелдің босануына күйеуінің серіктес болып қатысуын 61% респондент қолдамайтынын білдірсе, 28%-ы қолдайтындарын айтқан.

Хиджаб киіміне қатысты нұсқада респонденттердің 27%-ы қажет деп есептесе, 55%-ы бұл киімді қабылдамайтындығын көрсетіп отыр. Тек, 18%-ы респондент жауап беруге қиналатынын білдірген.

		Алматы қаласы	Алматы облысы	Жетісу облысы	Жамбыл	Шымкент	Түркістан	Қызылорда	Барлығы
1	Дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз.	23%	16%	29%	26%	25%	21%	21%	23%
2	Мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды.	31%	20%	27%	34%	25%	19%	25%	26%
3	Гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі.	15%	17%	9%	13%	15%	9%	14%	13%
4	Дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз.	11%	17%	24%	9%	14%	15%	13%	15%
5	Жаһандық экспозиция және туризм дамиды.	10%	13%	7%	6%	9%	16%	13%	10%
6	Тұтынушылық қоғам, шынайы қарым-қатынасты жоғалтамыз.	9%	15%	4%	11%	11%	19%	13%	12%
7	Басқа	1%	2%	0%	1%	1%	1%	1%	1%
	Барлығы	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Дереккөз: авторлар 2025 жылы жүргізілген онлайн-сауалнама негізінде құрастырған

5-кесте зерттеу нәтижесі бойынша, жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағынан не күтетінін анықтауға тырыстық. Сұралғандардың 26%-ы «Мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды» деп ойласа, 23%-ы «Дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз» деп есептейді. Респонденттердің 15%-ы «Дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз» және 13%-ы «Гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі» деген пікір білдірген.

Респонденттердің 12%-ы «Тұтынушылық қоғам, шынайы қарым-қатынасты жоғалтамыз» және 10%-ы «Жаһандық экспозиция және туризм дамиды» деген пікір білдірген.

Талқылау

Бұл бөлімде қоғамның дәстүрлі құндылықтарға қатысты түсініктерін анықтау мақсатында жүргізілген әлеуметтік

сауалнама нәтижелері сарапталады. Жиналған эмпирикалық деректер негізінде респонденттердің мәдени нормаларды қабылдау деңгейі мен олардың аксиологиялық мәніне талдау жасалды.

Жалпы дәстүрлі құндылықты салт-дәстүрмен байланыстыру оңтүстік өңірлердің барлығына тән екендігін 1-кестеден көруге болады. Зерттеу нәтижесінде дәстүрлі құндылықтардың дәстүр ұғымымен тығыз байланысты екенін байқадық. Осылайша, дәстүрлі құндылықтар мен дәстүр бір-бірімен астасып жатыр, ал дәстүрге «Үлкенді сыйлау, құрметтеу», «Ұлттық тәрбие» және «Отбасылық ұстаным» жатады. Бұл қазақ қоғамында дәстүрлі құндылықтардың ұрпақтан-ұрпаққа берілуі мен сақталуының құралы ретінде қызмет етеді. Бұл ұғымдар үлкенге құрмет, ұлттық тәрбие және отбасылық ұстаным, көбінесе қоғамдастықтағы әлеуметтік бірлік пен тұрақтылықты нығайту үшін маңызды болып саналады.

Зерттеу барысында «Ана тілінде сөйлеу» факторын іргелі дәстүрлі құндылық ретінде бағалайтын респонденттердің Қазақстандағы көптілділік саясатына белгілі бір деңгейде сақтықпен қарайтыны байқалды. Мемлекеттің білім беру кеңістігі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілгенімен, сауалнамаға қатысушылар ұлттық бірегейлікті сақтау мақсатында ең алдымен ана тілінің мәртебесіне басымдық беруді жөн санайды.

Бұл тенденция сапалық зерттеу барысында алынған сұхбаттардан да көрініс тапты. Мәселен, Қызылорда қаласынан қатысқан 38 жастағы респондент бұл мәселеге қатысты өз ұстанымын былайша тұжырымдады: «Тілді тек ақпарат алмасу құралы ретінде қарастыруға болмайды, ол ұлттық сәйкестігіміздің негізі. Жаһандану жағдайында үш тілді меңгерудің қажеттілігін түсінгенімізбен, ана тіліміздің қоғамдық-саяси мәртебесі төмендеп, тек тұрмыстық деңгеймен шектелуі ұлттық болмысымызға қауіп төндіреді».

Бұлардың қатарына дәстүрлі құндылық деп «Нанымдар мен әдет-ғұрыптар», «Ұлттық киім», «Қоғамдық нормаларға сәйкестік» деп қарайтын респонденттерді де жатқызуға болады.

Бұл жауаптардан оңтүстік өңірлерде қазақы болмыстың сақталғандығын растай алады

және дәстүрлі құндылықтың адам өміріндегі маңыздылығын көрсетеді. Сондықтан эмпирикалық деректер оңтүстік өңірлер тұрғындарының аксиологиялық бағдарында жаһандық либералды-индивидуалистік құндылықтарға қарағанда, дәстүрлі әлеуметтік нормалар мен ұжымдық консерватизмнің әлдеқайда жоғары бағаланатынын көрсетті.

Түркістан қаласының тұрғыны, 54 жастағы респондент жаңа технологиялар мен дәстүр сабақтастығы жөнінде: «Біз үшін отбасы мен үлкенді сыйлау жай ғана әдет немесе формальдылық емес, ол біздің кім екенімізді анықтайтын құндылығымыз. Қазіргі технологиялық экспансия адамды кейде өз мәдени негізінен үзіп тастайтындай көрінеді».

Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері елімізде әлі де болса дәстүрлі құндылықтардың басымдығын және оның қоғам өміріндегі маңыздылығын көрсетіп отыр. Бұл құндылықтар қоғамда мәнділігі мен көрінісі бойынша түрлі болуы мүмкін, бірақ олар ұжымдық түрде дәстүрлі нормалар мен тәжірибелерді сақтауға ықпал етеді. Әсіресе жастар арасында ұлттық психологиямыздың дұрыс бағытта қалыптасуында осы дәстүрлі құндылықтарымыздың алатын орны өте маңызды.

Зерттеу нәтижесі бойынша 2-кесте деректері дәстүрлі құндылықтар жүйесінің трансформациясына ықпал ететін негізгі фактор ретінде «Жаһандану» үдерісін көрсетеді. Аксиологиялық тұрғыдан алғанда, жаһандану тек экономикалық немесе саяси интеграция емес, ол ұлттық мәдени кодты унификациялауға бағытталған экспансиялық құбылыс. Зерттеу нәтижелері респонденттердің жаңа нормаларды қабылдауға іштей қарсылығын және дәстүрлі бірегейлікті сақтап қалуға ұмтылысын анықтады. Бұл ұстаным сапалық зерттеу барысында Жамбыл қаласынан қатысқан 42 жастағы респонденттің пікірінен де байқалады: «Жаһандану бізге үлкен мүмкіндіктер әкелгенімен, рухани жағынан жұтып қоя ма деп қорқамын. Шексіз ақпарат пен шетелдік трендтерге ашықпыз деп, өзіміздің ішкі өзегімізден, ұлттық ділімізден бөлініп қалмауымыз керек».

Келесі кезекте, құндылықтар парадигмасын өзгертуші басты фактор ретінде технологиялық прогресс пен медиа-кеңістік

танылған. Шын мәнінде, технология жалаң құрал емес. Ол адамның әлеммен қарым-қатынасын, танымдық шекараларын және қоғамдық болмысын қайта құрылымдайтын қуатты күш. Технологиялық детерминизм аясында білім беру, интеллектуалды дискурс, демографиялық ауысымдар мен әлеуметтік қозғалыстар жаңаша сипатқа ие болды. Ақпараттық ағынның шексіздігі сыни ойлауды ынталандырғанымен, қоғамдағы дәстүрлі авторитет пен иерархияны элиминациялауға алып келді. Дәстүр мен технологиялық даму арасындағы бұл диалектикалық қайшылықты Алматы қаласының тұрғыны, 60 жастағы респондент ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан өте дәл сипаттайды: «Қазіргі жастардың басты тәрбиешісі, қолдарындағы смартфон мен әлеуметтік желілер. Бұрын ақылды үлкеннен сұраса, қазір интернеттен іздейді. Технология өмірді жеңілдеткенімен, ол ұрпақтар арасындағы көзге көрінбейтін рухани байланысты, үлкенге деген дәстүрлі ілтипатты үзіп жатқандай сезіледі».

Талдау нәтижелері көрсеткендей, қоғамдық құндылықтардың өзгеруіне негізгі түрткі болатын күш технологиялық даму. Ол ақпараттық кедергілерді жойып, жаһандануды жеделдетеді және қоғамдық жүйелердің жаңаруына тікелей ықпал етеді. Дегенмен, қоғам тұрақты дамуы үшін жаңашылдық пен дәстүрлі сабақтастықтың өзара үйлесімі қажет деп ойлаймыз. Себебі дәстүрлі негізден толықтай қол үзу ұлттық болмысымызға қауіп төндіреді. Сондықтан технологиялық дамуды дәстүрлі құндылықтардың өзгеруіне әсер ететін басты фактор деп атауға болады.

3-ші кесте бойынша қандай дәстүрлерді алып тастау керектігін анықтау күрделі және субъективті мәселе. Себебі бұл көбінесе мәдени, әлеуметтік және этикамен байланысты. Дегенмен кейбір дәстүрлердің қажеттілігі азайып және қайта бағалауды немесе алып тастауды талап етеді.

Қазақстанда тойларда алкогольді ішімдік ішу үрдісі туралы шешім қабылдау түрлі факторларға, соның ішінде мәдени нормаларға, діни сенімдерге және жеке қалауларға байланысты жеке таңдау болып табылады. Әлемдік статистикалық деректер Қазақстанда алкоголь тұтыну деңгейі Орталық Азия елдері арасы-

да ең жоғары екенін көрсетеді. Адам басына шаққандағы жылдық тұтыну шамамен 5,4 литр таза алкогольді құрайды, бұл көрсеткіш Қырғызстан 3,9 литр мен Өзбекстанға 2,1 литр қарағанда едәуір жоғары. Сонымен бірге аймақтағы жалпы алкоголь тұтыну деңгейі әлемдік көрсеткіштермен салыстырғанда төмен болып отыр, бұл көбіне мәдени нормалармен байланысты түсіндіріледі [19].

Эмпирикалық мәліметтер көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі салт-дәстүрлік және мерекелік кеңістіктен алкогольді ішімдіктерді толықтай ығыстыруды қалайды. Бұл тенденция, біріншіден, қоғамдағы діни нормалардың белсенділігімен және оның құндылықтық ықпалының артуымен тікелей байланысты. Екіншіден, отандық әлеуметтік-мәдени болмыста «қалыпты тұтыну мәдениетінің» болмауы алкогольдің әлеуметтік-деструктивті салдарын үдетуде. Сәйкесінше, бұл мәселені шешу парадигмасы ішімдікті ұжымдық-міндетті атрибут ретінде таңудан бас тартып, тұтыну процесін тұлғаның физиологиялық саулығына және жеке ұстанымына негізделген рационалды-индивидуалды таңдау деңгейіне көшіруді талап етеді.

Қазіргі қоғамда кейбір салт-дәстүрлердің бастапқы құндылықтық мазмұнынан айырылып, коммерциялану үрдісі байқалады [20, 2 б]. Мұның эмпирикалық көрінісі оңтүстік өңірлерді институционалдық тұрақтылығын сақтаған «қалың мал» беру дәстүрі. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бұл ритуал қазіргі таңда рухани-туыстық байланыстарды бекітуден гөрі, күйеу жігіт отбасының әлеуметтік-экономикалық статусы анықтайтын индикаторға айналған. Респонденттердің басым көпшілігінің бұл тәжірибені тарихи-мәдени мұра ретінде легитимизациялауға ұмтылуы қоғамдағы дәстүрлі сананың басымдығын көрсетеді. Ал азшылықтың оны экономикалық ауыртпалық тудыратын «арханизм» деп танып, деконструкциялауды жақтауы дәстүрге қарсы бағытталған прагматикалық-модернизациялық ықпалы деп санаймыз.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның негізі неке институты арқылы бекітілетін туыстық қатынастар. Осы жүйенің іргелі элементі саналатын «қыз жасауы» тарихи тұрғыдан көшпелі түркілердің қатаң тұрмыстық

жағдайындағы қажеттіліктен туындаған. Алайда, қазіргі заманауи қоғамда бұл дәстүрдің бастапқы экономикалық функциясы өз маңызын жоғалтуда. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі дәстүрді толық жоққа шығармағанымен, оны ауқымды материалдық кешеннен тек рәміздік атрибут деңгейіне дейін трансформациялады қалайды. Себебі, қазіргі жастар тұрмыстық дербестігі мен базалық қажеттіліктерімен қамтамасыз етілгендіктен, қаржылық мәселе болып саналатын жасау жинау тәжірибесі өзінің функционалдық өзектілігінен айырылып отыр. Яғни, үйленетін жастардың тұрмыс-тіршілігі тұрақты, үй жайымен қамтамасыз етілсе, көрпе-төсектен бастап, қажетті үй жиһаздары, тұрмыстық техникалар, тұтынуға қажетті сервистік заттарды қамтитын кешеннің қажеттілігі жоқ деп ойлайды.

«Киіп беру» үйленген екі жастың ата-аналарының арасында жасалатын дәстүр. Екі жастың ата-анасына, оның туыстарына берілетін сыйлықтар. Бұл көбінесе киімдер түрінде болады. Киімдер сыйлауды респонденттер алып тастауды ұсынады. Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, респонденттер бұл дәстүрдің біріктіруші-дипломатиялық мәнін жоққа шығармағанымен, оның тікелей материалдық формасынан толықтай бас тартуды ұсынады. Демек, қазіргі қоғамда дәстүрдің интеграциялық мақсаты сақталғанымен, оны жүзеге асырудың шығынға негізделген тәжірибесі прагматикалық тұрғыдан қайта бағалануды қажет етеді.

Сондықтан респонденттер басым бөлігі бұл дәстүрді де алып тастағанды дұрыс деп санайды. Себебі, бұл да азаматтарды материалдық тұрғыда қаржылық шығынға әкелетін үрдіс. Тіпті, кейде бәсекелестікке ұласқан сайын, мұның да шығын көлемі арта түседі. Бұл екі отбасыға да жасалуы тиіс міндеттелген үрдіс болғандықтан, сыйлықтардың барлығы айырбас түрінде жасалады. Оңтүстік өңірлерде бұл шығындар банктерден кредит алу арқылы жасалады. Ал экономикалық тұрғыда келсек, сыйлыққа берілетін заттардың барлығы шетелдік өнімдер болғандықтан, қаражаттың барлығы шетелге кететін болғандықтан, тиімсіз деп ойлаймыз. Егер, бұл заттардың барлығы Қазақстанда жасалып, отандық айналымында жүрсе, бұл дәстүрдің отандық

экономикаға пайдасы болар еді. Осы орайда, Шымкент қаласынан қатысқан 45 жастағы респонденттің пікірі мәселенің экономикалық астарын дәл көрсетеді: «Біз салт-дәстүрдің мағынасын ұмытып, оны жай ғана тауар-ақша қатынасына айналдырып жібердік. Қалың мал мен қыз жасауы қазір жаңа құрылған отбасына көмек емес, құдалар арасындағы кімнің мықты екенін көрсететін жасанды статусқа айналды. Бұл жастардың болашағына емес, тек амбицияға жұмыс істейді».

Той туыстарды жинап отыруға мүмкіндік беретін, жаңа туыстық қарым-қатынас орнату рөлін атқаратын бірден-бір бейресми институт десек болады. Осы себептен де біздің қоғам үшін той өте маңызды. Дәстүр бойынша ата-анаға той жасап беру міндет. Осыған байланысты көптеген ата-аналар несие алып той жасайды. Бұл несиеден төлеп жүре беруі мүмкін, есесіне ортасынан жағымсыз пікір көп естімейтін болады. Бұған қоғамдағы «Бәсекелестік» әсер етеді деп санаймыз. Респонденттер пікірінше, Қазақстандық азаматтардың бәсекеге қабілеттілігі, бұл өте қажетті жағымды тенденция. Ал жағымсыз тұсы, азаматтардың той жасаудағы бәсекеге түсуі. Бұл азаматтарды біз нарықтық адам типіне жатқызамыз. Себебі, бұл азаматтар тұтынушылық қоғамда материалдық тұрғыда басқалардан қалмау үшін үнемі жарысып отырады. Көбінесе, мұның барлығы банктен кредит алу арқылы істеледі. Банк өте қымбат пайызбен кредиттер берді. Нәтижесінде мақсатсыз кредит алғандар әлеуметтік-психологиялық күйзелістерге түседі. Олар халықтың елеулі бөлігін құрайтындықтан, бұл тенденция қоғамдық-экономикалық тұрақтылықты әлсіретіп, ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіретін шекке тірелді. Негізінен басты себеп «Қаржылық сауатсыздық» болып табылады. Тапқан табысты ретсіз жұмсау, адамның күнкөріс деңгейін төмендететін негізгі фактор. Жамбыл қаласынан қатысқан 39 жастағы респондент мұны былай бағалайды: «Той жасау немесе құда күту біз үшін қуаныш, әрі міндет болып қалды. Ел не дейді деген сөздің кесірінен талай отбасылар банкке қарыз болып, жылдар бойы соның тауқыметін тартады. Біз дәстүрді сылтауратып, өзімізді-өзіміз экономикалық құлдыққа салып жатырмыз».

«Той мәдениеті» тікелей әкімшілік немесе жасанды нормативтік реттеуге бағынбайтын, күрделі өзін-өзі реттейтін әлеуметтік-мәдени институт болып табылады. Ал жалпы дәстүрлер жүйесіне келетін болсақ, олар қатып қалған статикалық догма емес. Керісінше, қоғамның тарихи және прагматикалық қажеттіліктеріне сәйкес үздіксіз бейімделіп өтіп отыратын, заман талабына икемді әрі өміршең конструкт болып табылады. Осыған байланысты Алматы қаласының 52 жастағы тұрғыны былай дейді: «Дәстүр бір орында тұрып қалған, өзгермейтін қағида емес. Ол заман ағымына қарай икемделіп, жаңарып отыруы тиіс. Егер қайсыбір салтымыз бүгінгі дамуымызға кедергі болып, қоғамға зиянын тигізсе, одан бас тарту ұлттық құндылықтарды жоғалту емес. Керісінше, бұл ұлттың іштей тазарып, заманауи деңгейде сақталып қалуының амалы деп түсінуіміз керек».

Дегенмен, дәстүрлерді алып тастау туралы мәселені шешкенде, қоғамның тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстін ескеру маңызды. Кейбір дәстүрлерді сақтап қалу мәдени мұра мен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажет болуы мүмкін [21, 7 б].

Сайып келгенде, дәстүрлерді жоюға немесе өзгертуге сезімталдықпен және мәдени әртүрлілікке құрметпен қарау керек, сонымен бірге адам құқықтары, теңдік, экологиялық тұрақтылық және этикалық ойларға басымдық беру керек. Ол көбінесе зиянды дәстүрлерге қарсы тұру және оң әлеуметтік өзгерістерге ықпал ету үшін қоғамдастықтың қатысуын, білім беруді және диалогты қамтитын бірлескен күш-жігерді қажет етеді.

4-кесте бойынша зерттеу барысында респонденттердің қазіргі таңда қолданыстағы дәстүрлерге енген жаңашылдықтардың қажет немесе қажет еместігі туралы пікірін анықтауға тырыстық.

Нәтижесінде, респонденттердің көпшілігі «Гендер пати» қажет емес деп көрсетсе, азғантай бөлік бұл жаңашылдықты қажет десе және жауап беруге қиналатынын білдірген.

Баланың жынысын анықтау кеші болашақ ата-аналар құрсақтағы сәбиінің жынысын достары мен туыстарына жариялау үшін өткізетін Америка құрама штаттарында пайда болған мереке. Бұл іс-шаралар соңғы

жылдары Қазақстанда да танымал болды және әдетте баланың жынысын анықтаудың шығармашылық әдістерін қамтиды.

Бұл жаңадан енген жаңашылдық қазақ қоғамында бұрындары «Құрсақ той» деген дәстүріміз болатын. Аяғы ауыр әйелге тек отбасы болып емес, қоғам болып күтім жасаған. Туыстарын шақырып, келіннің аяғы ауыр екендігін айту мақсатында құрсақ той жасайтын болған. Тек әйелдер қатысады. Сауықсайран құрып, ән айтылып, би де биленеді. Баланың аман-есен дүниеге келуіне тілектерін арнайды. Қазіргі таңда құрсақ тойды осы «Гендер пати» алмастырып отыр. Қазіргі таңда трендке айналған жаңашылдықтың бірі «Түрлі түсті кеш». Сұралғандардың аз бөлігі қажет деп тапса, көпшілігі қажет емес деп есептейді.

Жаңашылдықтың бірі «Хеллоунді» де аз респондент қолдаса, басым көпшілігі қажет емес деп тапқан. Батыс елдерінде Хэллоун көптеген адамдар үшін қауымдастықтарды біріктіретін мәдени дәстүр. Ол шығармашылыққа, өзін-өзі көрсетуге және мерекелеуге мүмкіндік береді. Дегенмен Қазақстанның дәстүрлі қоғамы үшін, наным-сенімдеріне сәйкес келмейтін жат құндылық болып саналады. Қазақстанда Хэллоун әлі де танымал емес. Көбінесе, мереке түнгі клубтарда тойланады. Бұл күні костюм киген барлық адамдарға кіру тегін. Ал ең жақсы костюмге байқаулар өткізіледі. Біздің елде Хэллоун сәтті PR-акцияға және түнгі клубтардың ақша табуына арналған құралға айналған. Осы шараны тек студенттер мен клуб саласының өкілдері үлкен көлемде атап өтеді. Бұл аксиологиялық қайшылықты Түркістан қаласының тұрғыны, 45 жастағы респондент былайша тұжырымдайды: «Хэллоун біздің діліміз бен танымымызға мүлдем қабыспайтын образбен жүру, біздің қасиетті ұғымдарымызды жоққа шығарумен тең. Шын мәнінде, бұл жай ғана клуб иелерінің жастардың қалтасынан ақша қағу үшін ойлап тапқан жасанды бизнесі. Өзіміздің тамыры терең ұлттық мейрамдарымыз тұрғанда, мұндай мағынасыз шетелдік көшірмелер ұлттық кодымызды бұзады».

Ал қызық тұсы бұрын қазақ қоғамында болмаған жаңашыл дәстүр «Бал айын» респонденттердің көпшілігі қажет деп есептейді екен. Дәстүрлі түрде жас жұбайлар

романтикалық сапарға аттанатын үйлену тойынан кейінгі кезең ретінде анықталған бал айы әлемнің көптеген қоғамдарында ұзақ уақыт бойы мәдени маңызды рәсім ретінде қарастырылады. Бал айының тәжірибесі ғасырлар бойы басталғанымен, оның заманауи көріністері мен негізгі мотивтері әлеуметтік нормалардағы, экономикалық факторлардағы және саяхат үрдісіндегі өзгерістермен қатар дамыды. Қазақтардың жастар тойындағы дәстүрлі рәсімдері психологиялық, әлеуметтік-мәдени және экономикалық өлшемдерді қамтитын құбылыс. Сондықтан заманауи жастар осы романтикалық демалыс түрін қалап, сәнге айналдыра бастады. Дегенмен, бұған әлеуметтік жағдайы жоғары, заманауи типтегі отбасылар болмаса, дәстүрлі типтегі отбасыларында баруға немесе мұны құндылық деп санамайды.

Тағы сондай жаңашылдық жігіттің қызға үйленер алдындағы ұсыныс рәсімі «Қыздың қолын сұрау» тізерлеп сөз салуды сұралғандардың басым бөлігі қажет деп көрсеткен. Дәстүрлі қазақ қоғамында бұл үдеріс «сырға салу», «құда түсу» сияқты ұжымдық-туыстық институттардың тікелей қатысуымен жүзеге асатын. Алайда қазіргі қоғамның бұл жаңашылдықты құптауы оның либералды-индивидуалды сипатымен түсіндіріледі. Яғни, бұл еркін формат некелік шешім қабылдау процесін аға буынның ұжымдық монополиясынан шығарып, жастардың дербес таңдауына негіздейді.

Ал дәстүрлі танымда ер адамның тізе бүгуі әлеуметтік-гендерлік иерархиядағы мәртебенің төмендеуі немесе бағыну ретінде қабылданып, қарсылық тудырады. Яғни, дәстүрлі қазақ қоғамында бұл наразылық туындатуда. Ер азаматтардың қыздың алдында тізесін бүгіп, басын иіе салтымызда жоқ және намысқа тиеді деп санайды. Ал жаңашыл бағыттағылар үшін бұл әрекет эмоционалдық жақындық пен серіктестікке негізделген сезімнің рәміздік актісі. Бұл жаһандық және локальды құндылықтар арасындағы когнитивті диссонансты Алматы облысынан қатысқан 27 жастағы респондент былайша түсіндіреді: «Біз екі әлемнің ортасында өмір сүріп жатырмыз. Батыстың романтикалық үлгілері фильмдер арқылы санамызға сіңген.

Қызға ұсыныс жасағанда тізерлеу, мен үшін бағыну емес, құрметтің белгісі. Бірақ ауылдағы үлкендер мұны еркектің намысы тапталғандай қабылдайды. Біз үшін бұл жай ғана әдемі көрініс, олар үшін дәстүрдің бұзылуы».

Себебі, жаһанданумен бетпе-бет келгенде, жергілікті қауымдастықтар өздерінің қайталанбас құндылықтары туралы көбірек сезінеді және өздерінің мәдени ерекшеліктерімен мақтана алады [19, 2 б]. Дегенмен бұл құбылыс та, отбасын құру үдерісінің ұжымдық-туыстық келісімге негізделген дәстүрлі формадан, жеке тұлғалардың эмоционалды-тең құқылы таңдауына басымдық беретін модернизациялық трансформациясын көрсетеді.

Ал «Қызойнақ» (Hens party) форматының енуі мен оған деген қоғамдық әсері жаһандану үрдісі мен ұлттық бірегейлікті сақтау ұмтылысының арасындағы аксиологиялық қақтығыстың көрінісі десек болады. Этнографтардың бұл құбылысты жоққа шығаруы қоғамның дәстүрлі құндылықтарды қорғауға бағытталған реакциясы ретінде көрінсе, оның жастар арасында таралуы құндылықтар жүйесіндегі индивидуализм мен жаңа әлеуметтік байланыстарға деген сұраныстың артуымен түсіндіріледі. Демек, бұл құбылыс қоғамдағы мәдени құндылықтардың біржақты жойылуы немесе жаңаруы емес, керісінше, дәстүр мен жаңашылдықтың қатар өмір сүріп, өзара әрекеттесетін күрделі трансформациялық өтпелі кезеңін бейнелейді.

Туған күн жасау кезіндегі «Торт үрлеуді» респонденттердің басым бөлігі қолдамайтынын білдірген. Мұнда жаһандық перформативті-тұтынушылық мәдениет пен дәстүрлі қоғамның тағамға қатысты сакральды ұстанымы арасындағы аксиологиялық қайшылық барын байқадық. Себебі, батыстан келген құндылық туған күнінде тілек тілеп, торттың балауызын үрлеу, енді бетіне торт кремін жағу қазақ қоғамына енді. Мұны дәстүрлі қазақ қоғамы ысырапшылдық деп санайды. Ал бұл жаңашылдықты визуалды эффектілер мен жеке эмоциялық экспрессия арқылы атап өтуге бағытталған әрекет деп санайтындар да бар.

Әйелдің босануына күйеуінің серіктес болып қатысуын да респонденттер

қолдамайтынын айтқан. Батыстан келген бұл мәдениет ретінде Қазақстанда жүкті әйелдердің босанарда жанына серік есебінде күйеуін алып кіруі қалыпты жағдайға айналып барады. Алайда оған қоғамның көзқарасы екіге жарылған. Дәстүрлі қоғам бұған қарсы. Серіктеспен бала босану қашаннан қазақтың салт-дәстүріне, менталитетіне жат нәрсе. Дәстүрлі қоғамда ер-азаматтар әйелдердің бала босануына мүлдем араласпайды. Бұл туралы Түркістан қаласының тұрғыны, 47 жастағы респондент былай дейді: «Қазақ әйелінің босануы, ол құпия, қасиетті процесс. Оған еркектің қатысуы отбасындағы әйел мен еркек арасындағы табиғи сыйластықты жояды. Еуропаның психологиясы біздің генімізге сәйкес келмейді. Біз жаңашылдықтың бәрін талғаусыз қабылдай бермеуіміз керек».

Хиджаб киіміне және оған қатысты қоғамдық дискурс ұлттық бірегейлік, зайырлы нормалар және діни сәйкестік арасындағы күрделі құндылықтық қақтығыстар бары байқалды.

Респонденттер бұл киім үлгісінің қазақ қоғамына жат екендігін көрсетіп отыр. Қоғамның жаппай жаһандану үрдісіне ілесуі салдарынан ұлттық киім үлгілері шеттетіліп, сырттан келген діни атрибутикамен толығыуы қоғамда тарихи-мәдени диссонанс туындатады. Сонымен қатар, елдегі кейбір деструктивті діни ағымдардың ықпалын да ұмытпауымыз керек. Себебі, жат діни атрибутиканы тұтыну әрдайым индивидуалды таңдаудың нәтижесі бола бермейді. Ол көбінесе отбасылық, микроәлеуметтік немесе жабық діни орта тарапынан болатын тікелей немесе жанама қысымның әсері болуы да ықтимал. салдары болуы ықтимал. Осы себепті, хиджаб киген әйелдер кейде исламофобия мен дискриминацияға ұшырайды және мұсылман әйелдерге қарсы стереотиптер басым болып табылады. Бұл мәселелердің барлығы хиджаб киюдің өзін емес, оны кию немесе киюге мәжбүр болу контекстін және осы мәселелердің айналасындағы әлеуметтік, саяси және мәдени аспектілердің барын көрсетеді.

Сондықтан, діни киім тек сенімнің жеке белгісі шеңберінен шығып, тұлғалық еркіндік және құрылымдық мәжбүрлеудің қиылысатын саяси-әлеуметтік конструктысына айналған.

Демек, қоғамдағы шиеленіс пен стигматизация тікелей діннің өзіне емес, қоғамдағы діни жаңғыру формалары, ұлттық кодты сақтау инстинкті және зайырлы қауіпсіздік механизмдері арасындағы тепе-теңдікті талдау жұмыстарын жүргізу керек.

Бұл сұрақтар бойынша жалпы оңтүстік өңірлердің тұрғындарының жаңадан енген дәстүрлерді аса қолдай бермейтіндіктерін аңғаруға болады. Себебі оңтүстік өңірлердегі дәстүрлі отбасылық институттардың беріктігі жаһандық мәдени трансляцияға қарсы қорғаныс механизмі ретінде қызмет етеді. Ал ғаламтор, халықаралық білім көші-қоны және транснационалды медиа сияқты жаңашылдық агенттері ақпараттық жаһанданудың негізгі катализаторлары болып табылады. Бұл үрдіс қоғамда мәдени гомогенизация мен ұлттық бірегейлікті сақтау арасындағы аксиологиялық дилемманы тудырады. Демек, қазіргі қоғамдағы мәдени қауіпсіздік оқшаулануды емес, жаһандық және локальды өлшемдердің синтезін талап етеді. Сондықтан, сыртқы мәдени элементтерді талдай отырып, дәстүр сабақтастығын қамтамасыз ететін тұрақты, гибридті мәдени кеңістік қалыптастыру қажеттілігі байқалады.

5-кестенің зерттеу нәтижесі бойынша респонденттер жаһандану жағдайында дәстүрлі мәдениеттің болашағы түрлі факторларға, соның ішінде саяси шешімдерге, қоғамның көзқарастарына, технологиялық жетістіктерге және дәстүрлі құндылықтардың тұрақтылығына байланысты болады деп санайды.

Сұралғандардың басым көпшілігі «Мәдениет институттары жаңа заман талаптарына сәйкес дамиды» деп ойласа, қалғаны «Дәстүрлі мәдениетті сақтап қаламыз» деп есептейді. Респонденттердің азғантай тобы «Дәстүрлі мәдениетті сақтай алмаймыз» және «Гибридті мәдени формалардың пайда болуына әкеледі» деген пікір білдірген. Респонденттердің «Тұтынушылық қоғам, шынайы қарым-қатынасты жоғалтамыз» және «Жаһандық экспозиция және туризм дамиды» деген пікір білдірген. Талдау нәтижесінде респонденттердің басым көпшілігі дәстүрдің сақталатынына сенеді. Қалған респонденттер дәстүр өзгерістерге ұшырайды деп санайды.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстанның оңтүстік өңірлердегі дәстүршілдік өткенге ұмтылыс емес, ұжымдық бірегейлікті сақтаудың қуатты қорғаныс механизмі ретінде қызмет етеді. Бұл өңірлердегі отбасы институтының беріктігі дәстүрді статикалық мұра ретінде емес, керісінше, мәдениеттің өміршеңдігі мен үздіксіз эволюциясын қамтамасыз ететін негізгі аксиологиялық матрица ретінде бекітеді.

Сонымен қатар, қоғамдағы жастар тарапынан жаһандық мәдениетті түбегейлі жоққа шығару байқалмайды. Олар инновацияларды қабылдай отырып, дәстүрлі архетиптердің ең тиімді элементтерін саналы түрде саралап, өз бойларына сіңіруге бейім екендіктері байқалды. Мұны мәдени дамудың заңды диалектикалық үдерісі десек те, қоғам мүшелерінің нақты әлеуметтік ахуалға байланысты дәстүрлі және заманауи нормаларды қатар қолдануы олардың ситуативті прагматизмге сүйенетінін дәлелдейді.

Мәдени трансформация процесінде экономикалық және технологиялық детерминизм негізгі катализатор ретінде әрекет етеді. Жастардың инновацияларды жедел қабылдауы олардың экономикалық өсім мен технологиялық прогреске бағытталған прагматикалық ұстанымымен, сондай-ақ заманауи мәселелерді шешудегі когнитивті икемділігімен түсіндіріледі [22]. Жаппай цифрландыру жағдайында барлық демографиялық топтар үшін жаңа жүйеге бейімделу объективті қажеттілікке айналды. Осы тұста ұрпақаралық аксиологиялық дифференциация көрініс табады. Аға буын өкілдері тарихи тәжірибеге сүйеніп, дәстүрдің институционалдық тұрақтылығын сақтауға бейім болса, жастар жаңашылдыққа ұмтылады. Дегенмен, ересек буынның бейімделу әлеуеті жеткілікті болғанымен, олар кез келген трансформациялық өзгерістерді сақтықпен бағалайды.

Эмпирикалық зерттеу нәтижелері жаһандық экспансия жағдайында қоғамның іргетасын құрайтын базистік дәстүрлі құндылықтарды толықтай деконструкциялауға жол бермеу керектігін дәлелдейді. Оларды үздіксіз ұрпақтан-ұрпаққа тасымалдау ұлттық қауіпсіздік пен мәдени бірегейліктің

басты шарты. Осыған орай, прагматикалық дамуды көздейтін респонденттер дәстүр мен инновацияның тепе-теңдігін сақтау мақсатында отбасы және негізгі білім беру институттары шеңберінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде жаңғыртуға стратегиялық басымдық беруді ұсынады.

Қорытынды

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі 500-ден астам респондентті қамтыған сандық және сапалық зерттеу нәтижелері дәстүрлі құндылықтар жүйесі мен заманауи әлеуметтік динамика арасындағы күрделі диалектиканы анықтады. Эмпирикалық талдау барысында ұлттық тәрбие мен отбасы институтының мәдени сабақтастықты қамтамасыз етуші іргелі тасымалдаушы ретіндегі маңызы сақталғанымен, әлеуметтік-экономикалық трансформациялар мен прагматикалық қажеттіліктердің ықпалымен қоғамның жекелеген дәстүрлерден ішінара немесе толықтай бас тарту кезеңіне өткені дәлелденді.

Қазіргі қоғамда «қыз жасауы», «киіт кигізу» секілді ритуалдар көп жағдайда өзінің бастапқы әлеуметтік біріктіруші функциясын жоғалтып, керісінше, отбасыларға үлкен қаржылық ауыртпалық түсіретін факторға айналуда. Мұның негізгі себебі қоғамдағы нақты экономикалық мүмкіндіктермен үйлеспейтін демонстративті тұтыну үрдісінің белең алуына және несиеге негізделген жасанды әлеуметтік статус қалыптастыруға ұмтылуға тікелей байланысты. Өз кезегінде, бұл жас отбасылардың әлеуметтік-экономикалық осалдығын арттырып, олардың қарызға батуына және тұрмыстық кикілжіңдердің көбеюіне алып келетін жағымсыз салдарларды туындатады. Осыған орай, зерттеуге қатысқан респонденттердің айтарлықтай бөлігі аталған дәстүрлерді қазіргі уақыт талабына сай келмейтін тәжірибе ретінде танып, оларды прагматикалық негізде қайта бағалау немесе құрылымдық тұрғыдан өзгерту қажеттігін алға тартады.

Дәстүрлі құндылықтар жүйесін заманауи талаптарға бейімдеудегі негізгі шешім қаржылық және ресурстық әлеуетті тікелей адами капиталды дамытуға бағыттау ке-

Әдебиеттер тізімі

рек. Егер дәстүрлі қоғамда әлеуметтік статус материалдық шығындар көлемімен өлшенсе, қазіргі кезеңінде ол білім деңгейі мен кәсіби біліктілікке негізделуі тиіс. Бұл құрылымдық ауысымды қамтамасыз ету, ең алдымен, қоғамдағы инвестициялық парадигманы өзгертуді талап етеді, яғни отбасылық бюджетті қысқа мерзімді ритуалдық шараларға шашудың орнына, оны ұрпақтың сапалы білім алуына бағытталған ұзақ мерзімді инвестиция ретінде жұмсауды жаңа әлеуметтік нормаға айналдыру қажет.

Сонымен қатар, бұл ғылыми дүниетанымды интеграциялаумен тығыз байланысты, себебі ұлттық бірегейлікті сақтау тек тарихи өткенді қайталаумен шектелмейді. Ол дәстүрдің моральдық-этикалық өзегін заманауи технологиялық және ғылыми прогресс жетістіктерімен тұрақты түрде біріктіру арқылы ғана толыққанды жүзеге асады.

Қазіргі қоғамдағы мәдени трансформация үдерісі күрделі әрі парадоксальды сипатқа ие. Прагматикалық және экономикалық бағдарланған заманауи құндылықтардың басымдығы артып келе жатқанына қарамастан, дәстүрлі ұжымдық институттардың іргелі элементтері әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуші қызметін жалғастыруда.

Осы диалектикалық қайшылықтар аясында, жаһандану жағдайындағы Қазақстан қоғамы үшін мәдени қауіпсіздік пен тұрақты дамудың оңтайлы парадигмасы әлеуметтік-экономикалық үдеріске тежеу болатын, материалдық шығыны шамадан тыс ритуалдық формалардан саналы түрде бас тартуды көздейді. Бұл үрдіс ұлттық кодты жоғалту емес, керісінше, оны интеллектуалдық капиталға, ғылыми дүниетанымға және рационалды прагматизмге негізделген жаңа сапалық деңгейде модернизациялау.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылды және «Қазақстанның оңтүстік өңірлері тұрғындарының гендерлік рөлдердің қалыптасуына мәдени құндылықтардың ықпалы: дәстүрлі және инновациялық көзқарастар» ғылыми жобасы аясында дайындалды. Грант AP26101317.

1 Anderson E. Value in Ethics and Economics. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1993. – 216 p.

2 Shils E. Tradition. – Chicago: University of Chicago Press, 1981. – 327 p.)

3 Eisenstadt S. N. Tradition, Change and Modernity. – New York: State University of New York Press, 2004. – 315 p.

4 Markarian S. Tradition as an Object of System Study // World Futures. – 1992. – Vol. 34. – N 3–4. – P. 156–177. – DOI: <https://doi.org/10.1080/02604027.1992.9972302>

5 Holmwood J. Functionalism and Its Critics // Modern Social Theory: An Introduction. – Glendale: Scientific Research Publishing, 2005. – P. 87–109.

6 Akaliyski P., Welzel C., Hien J. A Community of Shared Values? Dimensions and Dynamics of Cultural Integration in the European Union // Journal of European Integration. – 2022. – Vol. 44. – P. 569–590.

7 Inglehart R., Baker W. E. Modernization, Cultural Change, and the Persistence of Traditional Values // American Sociological Review. – 2000. – Vol. 65. – P. 19–52.

8 Berger P. L. The Cultural Dynamics of Globalization // Many Globalizations: Cultural Diversity in the Contemporary World / ed. by P. L. Berger, S. P. Huntington. – New York: Oxford University Press, 2002. – P. 1–16.

9 Burton R. D. E. Globalization and Cultural Identity in Caribbean Society: The Jamaican Case // Caribbean Journal of Philosophy. – 2009. – Vol. 1. – P. 1–18.

10 Tomlinson J. Globalization and Cultural Identity // The Global Transformations Reader. – 2003. – Vol. 2. – P. 269–277.

11 Hofstede G. Culture's Consequences: Comparing Values, Behaviors, Institutions, and Organizations Across Nations. – Thousand Oaks: Sage Publications, 2001. – 596 p.

12 Tung R. L., Verbeke A. Beyond Hofstede and GLOBE: Improving the Quality of Cross-Cultural Research // Journal of International Business Studies. – 2010. – Vol. 41. – P. 1259–1274.

13 Minkov M., Hofstede G. Nations Versus Religions: Which Has a Stronger Effect on Societal Values? // Management International Review. – 2014. – Vol. 54. – P. 801–824.

14 Norris P., Inglehart R. Sacred and Secular: Religion and Politics Worldwide. – Cambridge: Cambridge University Press, 2011. – 353 p.

15 Zimmerman M. J. The Nature of Intrinsic Value. – Lanham, MD: Rowman & Littlefield, 2001. – 274 p.

16 Lemos N. Intrinsic Value. – Cambridge: Cambridge University Press, 1994. – 210 p.

17 Parfit D. Reasons and Persons. – Oxford: Oxford University Press, 1984. – 560 p.

18 Kraut R. What Is Good and Why: The Ethics of Well-Being. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 2007. – 260 p.

19 Ostemir S. How Central Asian Nations Rank on the Global Alcohol Map // Kursiv Media. – 2026. – January 20. – [Electronic source] URL: <https://kz.kursiv.media/en/2026-01-20/engk-yeri-how-central-asian->

Әбікенов Ж., Сыздықова М., Базарбай Ж.

nations-rank-on-the-global-alcohol-map/ (the date of referring: 06.03.2026).

20 Kudaibergenov S., Abikenov Zh., Syzdykova M., Abdiramanova A. Analysis of Traditional Values and Social Dynamics in Modern Society // Space and Culture, India. – 2025. – Vol. 12. – N 4. – P. 64–83. – DOI: <https://doi.org/10.20896/50z4xx29>

21 Syzdykova M., Abikenov Zh., Abdiramanova A., Ilyassova E. Influence of Globalization on the

Transformation of Kazakh Traditions and Culture: A Case Study of Southern Kazakhstan // Changing Societies & Personalities. – 2024. – Vol. 8. – N 4. – P. 964–984. – DOI: <https://doi.org/10.15826/csp.2024.8.4.308>

22 Buribayev Y., Khamzina Z., Buribayeva A. Between Traditions and Globalization: Value Orientations of Kazakhstani Youth // Frontiers in Sociology. – 2025. – Vol. 10. – Article 1563274. – DOI: <https://doi.org/10.3389/fsoc.2025.1563274>

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

- Жарқынбек Әбікенов* Қауымдастырылған профессор, PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: Abikenovkz@gmail.com, <https://orcid.org/0000-00027950-330X>
- Мақпал Сыздықова* Қауымдастырылған профессор, әлеуметтану ғылымының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, e-mail: syzdykova.makhpal@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2944-9672>
- Жасмин Базарбай* PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, jbazarbay@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-8723-935>
- Жарқынбек Абикенов* Ассоциированный профессор, PhD, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан, e-mail: Abikenovkz@gmail.com, <https://orcid.org/0000-00027950-330X>
- Мақпал Сыздықова* Ассоциированный профессор, кандидат социологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Казахстан, e-mail: syzdykova.makhpal@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2944-9672>
- Жасмин Базарбай* PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан. jbazarbay@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-8723-9359>
- Zharkynbek Abikenov* Associate Professor, PhD, Korkyt Ata Kyzylorda State University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: Abikenovkz@gmail.com, <https://orcid.org/0000-00027950-330X>
- Makhpal Syzdykova* Associate Professor, Candidate of Sociological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: syzdykova.makhpal@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2944-9672>
- Zhasmin Bazarbay* PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. jbazarbay@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-8723-9359>

